Осы нұсқаулықтар мен ескертпелерде көрсетілген сақтандырулар мен нұсқауларға назар аудармай әрекет етілген жағдайларда өндіруші ықтимал зардаптар үшін жауапкершілікті көтермейді. Бүкіл құжаттаманы одан әрі пайдалану немесе басқа қолданушыға беру үшін сақтаңыз..

Техникалық қауіпсіздік

Суыту жүйесінің құбырларында кем көлемде қоршаған ортаны сақтайтын, бірақ жанатын хладагент (R600a) ағады. Ол озон қабатына зиян келтірмей көшетхана әсерін күшейтпейді. Хладагент шыққанды көздерді жарақаттауы мүмкін немесе оталуы мүмкін.

Зақымдалған жағдайда

- Тоңазытқышты ашық оттан және тұтану бұлақтардан аулақ ұстаңыз,
- Бөлмені жақсылап желдетіп алыңыз,
- Тоңазытқышты өшіріп ашаны розеткадан шығарыңыз,
- Сервис кызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

Бұйымдағы салқындатқыш заттың мөлшері неғұрлым көп болса, ол тұратын панажайдың көлемі де соғұрлым үлкен болуы тиіс. Тым кішкентай панажайларда салқындатқыш зат жылыстаған жағдайда жанғыш газ-ауа қоспасы пайда болуы мүмкін. Салқындатқыш заттың әр 8 грамына кемінде 1 м³ кеңістік келіп отыруы тиіс. Бұйымыңыздағы салқындатқыш заттыңмөлшері бұйымның ішіндегі зауыттық тақташада көрсетілген.

Егер желіге жалғайтын сым зақымдалған болса, оны өндіруші, сервис орталығы не тиісті білікті өкіл айырбастауы тиіс. Тиісті түрде орнатылмауы және жөндеу пайдаланушыға қауіп төндіруі мүмкін.

Бұйымды жөндеу жұмыстарынтек өндіруші, сервис қызметі немесе тиісті құзырлы тұлға ғана жүргізе алады.

Тек өндіруші тарапынан шығарылған түпнұсқа бөлшектерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Тек осылар ғана қауіпсіздік техникасы талаптарын орындай алады деп шығарушы тарапынан кепілдік беріледі.

Қоректендіру сымының ұзарту жұмыстары тек сервистік қызмет мамандар тарапынан өткізілуі тиіс.

Пайдаланып тұрған кезінде

- Тоңазытқыштың ішкі жағында электр бұйымдарды пайдалануға болмайды (мысалы қыздырғыш бұйымдарды, электр мұз дайындайтын аспаптарды). Жарылып кету қауіптілігі!
- Тоңазытқышты ыстық бумен жібітуге немесе тазалауға болмайды! Бу электр бөлшектеріне жеткенде қысқа тұйықталуна себеп болуы мүмкін. Электр қуатынан зақымға ұшырау қауіптілігі!
- Мұзды не бұйымды тазалау үшін бұйым айырын розеткадан суырып немесе сақтандырғышты істен шығарып алу керек. Сымды ұстамай ашаны розеткадан шығарыңыз.
- Қырау не мұз қабатын кетіру үшін үшкір немесе өткір жиекті заттарды қолданбауыңыз лазым, себебі. Бұл әрекет суыту заттарды өткізетін құбырларының бұзылуына апаруы мүмкін. Суыту заттары жарылып немесе көзге зиян келтіруі мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішіне тұтану газдарды (мысалы аэрозольдық баллон) және жарылғыш заттектер қоюға болмайды. Жарылып кету қауіптілігі!
- Тоңазытқыштың бөлімдерін, сөрелерін және есіктерін тұпқойма немесе сүйеніш қатары пайдалануға болмайды
- Арақ шарап ішімдіктерді жабық және тұрғызып сақтаңыз.
- Пластик бөлшектерді және есік тығыздауышты маймен ластап тастамаңыз. Маймен ластап тасталған бөлшектер және тығыздауыш ұсақ тетікті болып қалады.
- Желдеткіш саңылауларды еш бөгетсіз ашық ұстаңыз.

- **Балалар және қауіптерге ұшырағыш болатын адамдар үшін тәуекелдерді болдырмау:**

  Қауіптерге ұшырай алатын деп балалар және физикалық, психикалық не аңғару қабілеттері шектеулі немесе осы электрбұйымды қауіпсіз түрде қолдану бойынша білімі жеткіліксіз болған тұлғалар саналады.

  Балалар және қауіптерге ұшырай алатын тұлғалар мүмкін болатын қауіптерді түсініп алғанын тексеріп алыңыз.

  Қауіпсіздік үшін жауапты адам балалар немесе қауіптерге ұшырай алатын тұлғалар электрбұйыммен жұмыс істегендерінде оларды қадағалап және оларға нұсқау беріп отыруы керек.

  Жасы 8 толған балаларға ғана электрбұйымды қолдануға рұқсат етіледі.

  Электрбұйымды тазалау немесе күту жұмыстарын өткізгендерінде балаларды қадағалап отыру керек.

  Балаларды аспаппен ойнатуға болмайды!

- Көмірқышқылдандырылған не көпіршитін сусындарды мұздатқыш камераға қоймаңыз, себебі ыдысқа түскен қысым оның жарып, нәтижесінде құрылғыға нұқсан келуі мүмкін!
- Мұздатылған тағамды жібітіп алған соң оны бірден ауызға салуға болмайды.
  Тоңазу қауіптілігі бар!
- Мұздатылған тағамды, мұзды немесе салқындаткыш құбырларын көп қолмен ұстамаңыз.
  Тоңазу қауіптілігі бар!

Балалар мен үй шаруашылығы

- Бұйым орамасын және бөлшектерін балаларға бермеңіз.
  Полиэтиленді қаптамада мен жиналмалы қатырмақағаз қапшықтарында тұншығып қалу қауібі бар!
- Бұйым – балаларға арналған ойыншық емес!
- Есіктік құлпы бар бұйымда: Кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

Жалпы шарттар

Электрбұйым төменде көрсетілген мақсаттармен пайдаланады

- тағамдарды тоңазыту және мұздату,
- мұз текшелерін дайындау үшін.

Бұл электрбұйым жеке тұрмыстық пайдалану үшін арналған.

Электрбұйым Еуропа Одағының келесі директивалары арқылы радиобөгеттерге қарсы қорғалған: ГОСТ Р 51318.14.1-99, ГОСТ Р 51318.14.2-99, ГОСТ Р 51317.3.2-99, ГОСТ Р 51317.3.3-99.

Тоңазыту және мұздату жүйесінің саңлаусыздығы тексерілген.

Бұл электрбұйым Электрбұйымдар үшін қатысты ГОСТ Р МЭК 60335-2-24 Қауіпсіздік ережелеріне сай келеді.

Бұл құрылғы теңіз деңгейінен максималды 2000 метрге дейін болған биіктікте пайдалануға арналған.

Кәдеге жарату бойынша қатысты нұсқамалар

♻ Ораманың кәдеге жаратылуы

Орама тасымалдау уақытында бұйымыңызды зақымданудан қорғайды. Барлық орама материалдар қоршаған ортаға зиян келтірмейді және қайта өңделуі мүмкін. Қоршаған ортаны қорғауғаөз үлесіңізді салып көмек етіңіз: ораманы экологиялық нормаларға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Кәдеге жаратудың көкейкесті жолдары туралы бұйымды сататын сатушыдан немесе жергілікті әкімшіліктен сурап біле аласыз.

♻ Ескі тоңазытқышты кәдеге жарату

Ескі тоңазытқыштар жай қоқыс емес! Қоршаған ортаны қорғап тоңазытқыштар кәдеге жаратылғанда керекті материалдар пайда болады.

⚠ Ескерту және ескертулер

Пайдалану мерзімі өткен соң:

1. Ашаны розеткадан шығарыңыз.
2. Қорек сымын ашамен бірге кесіп шығарып тастаңыз.
3. Сөре және бөлім бөлшектерін шығармаңыз. Сонда балалар тоңазытқыштың ішіне шыға алмайды!
4. Балаларды ескі тоңазытқышпен ойнатуға болмайды. Тұншығу қаупі!

Тоңазытқышта салқындатқыш және басқа газдар бар. Салқындатқыш және газдар қоршаған ортаны сақтап кәдеге жаратылады. Салқындатқыш жүйесінің құбырлары кәдеге жаратылмай тұрғанда бұзылмай тұруы керек.

Жеткізіліп берілетін жиынтықтың көлемі

Орамасын ашып. Бұйымның барлық бөлшектерін тасымалдау кезінде зақымданулы бар не жоғын тексеріп шығыңыз.

Щағымдарыңыз болса бұйымды өзіңізгесатқан сатушыға не біздің сервис орталығымызға осы шағымдар туралы хабар беріңіз..

Жеткізіліп берілетін жиынтығы құрамына төмендегілер кіреді:

- Едендік құрылғы
- Жабдықталуы моделіне байланысты
- Орнату үшін материалы салынған дорба
- Пайдалану туралы нұсқаулығы
- Орнату жөнінде нұсқаулар
- Сервистік кітапша
- Кепілдік құжаты
- Энергияны тұтыну мен шуыл деңгейі туралы мәліметтер

Бөлме температурасы мен желдетуді қадағалап отырыңыз

Бөлме температурасы

Бұл бұйым белгілі бір климаттық топта жұмыс істеуге арналған. Климаттық топқа байланысты. Бұйымды келесі бөлме температуралары жағдайында пайдалануға болады.

Климаттық топ зауыттық тақшада көрсетілген, 12 сурет.

Климаттық топ	Лайықты бөлме температурасы
SN	+10 °C және 32 °C аралығында
N	+16 °C және 32 °C аралығында
ST	+16 °C және 38 °C аралығында
T	+16 °C және 43 °C аралығында

Ескерту:

Бұйым көрсетілген климаттық топтың бөлме температурасы шегінде толығымен жұмыс істеуге жарамды. Бұйымды +5 °C дейін бөлме температурасы жағдайында пайдаланған жағдайда SN тобындағы бұйымның зақымдалуы мүмкін емес.

Желдету

3 суреті

Электрбұйымның артқы жақ қабырғасындағы ауа жылынады. Жылы ауа бөгетсіз желдетіліп тұруы керек. Әйтпесе салқындатқыш машина жоғары істейді және электр қуатының пайдалуы көбейіп кетеді. Сондықтан: Вентиляция және ауаны сорғызып шығаратын саңылауларды ешқашан үстінен немесе шетінен жауып қоймаңыз!

Бұйымның қосылуы

Бұйым қосылғаннан кейін пайдалануға дайын уақытына дейін кемінде бір сағат өтуі керек. Тасымалдау уақытында майдың сығымдағыштан салқындату жүйесіне түсуі мүмкін.

Алғашқы пайдалану алдында бұйымды ішінен жуыңыз («Құрылғыны жуу» тарауын қараңыз).

Электржелісіне қосу

Электрлік розетка бұйымның жанында болуы тиіс және оны орнатқаннан кейін оңай қол жетімді болуы тиіс.

Тоңазытқыш I қорғау сыныптамасына сай келеді. Тоңазытқыш дұрыс орнатылған розетка арқылы 220-240 В/ 50 Гц айнымалы электр тоғына қосылады. Розетка 10-16 Ампер сақтандырғышымен қорғалған болуы тиіс.

Бұйымдарды Еуропадан тыс елдерде пайдаланған жағдайда берілетін кернеу мен ток түрінің өзіңіздің электрлік желіңіздің параметрлеріне сай келетін-келмейтінін тексеріп алу қажет. Бұл деректерді бұйым таңбасында таба аласыз, 12 суреті.

⚠ Ескерту және ескертулер

Бұйымды энергия үнемдейтін электр розеткаларға қосуға тыйым салынады.

Бұйымдарымыздың жұмыс істеуі үшін синустық және автономды емес инверторларды пайдалануға болады. Автономды емес инверторлар ортақ электр желісіне тікелей қосылған фотогальваникалық электр бұйымдарда пайдаланылады. Ортақ электр желісіне қолды жеткізбейтін құралдар үшін (мысалы, кемелерде немесе тауларда) синуспен жүргізілетін инверторларды қолдану керек.

Бұйыммен танысу



Суреттері бар ең соңғы бетті ашуыңызды өтінеміз. Пайдалану жөніндегі бұл жетекші құрал бірнеше модельдер үшін жарамды.

Модельдердің жабдықталынуы өзгеріп отыруы мүмкін.

Суреттерде өзгешеліктер болуы мүмкін.

1 суреті

* Барлық үлгілерде бірдей бар бола бермейді.

A Тоңазытқыш камера
B Мұздатқыш камера

1-5 Басқару орынның бөлшектері
6 Шам қосушы
7 Жарық
8 Суыту бөлімшесіндегі сөрелер
9* Шишалар сөресі
10* Шығарыла алатын сауыт
11 Көкөністер бөлімі
12* Мұздату күнтізбесі
13 Мұздатылатын тағам бөлімі
14 Бұралатын аяқтар
15 Желдету және ауаны тартып шығару саңылаулары
16* Май және ірімшік бөлімі
17* Есік сауыты
18 Көлемі ірі шишалар үшін

Басқару орынның бөлшектері

2 суреті

1 **Қосу/Өшіру түймешігі**

Негізінен құрылғының іске қосу мен өшіру үшін пайдаланылады.

2 **Температура таңдау түймешегі**

Осы түймешек арқылы өзіңіз тілеген температура деңгейді орнатып қоя аласыз.

3 **Суыту бөліміндегі температура көрсеткіші**

Температура көрсеткіші шамдарда көрсетілетін °C сандар суыту бөлімішесіндегі °C температураларына сай келеді.

Жанып тұрған шам орнатылған температураны көрсетіп тұрады.

4 **Super-мұздату көрсеткіші электрбұйымның**

Super-мұздату жүйесі істе болғанда жанып тұрады.

5 **Super-түймешегі**

"Super"-мұздату функциясын қосу және өшіру үшін қолданылады ("Super"-мұздату функциясы" тарауын оқыңыз).

Электрбұйымды қосу

2 суреті

Электрбұйым қосу/өшіру 1-түймеше арқылы іске қосылады.

Электрбұйым суыта бастайды. Шам жүйесі есік ашылғанда қосылады.

Біз +4 °C ұсынамыз.

Құрылғының жұмысына қатысты нұсқаулар

- Электрбұйымды қосқаннан кейін таңдалған температура деңгейі орнатылғанша дейін бірнеше сағат керек болуы мүмкін.

  Таңдалған температура болмай тұрғанда тағамдарды тоңазытқышка салуға болмайды.

- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда суыту бөлімшесінің артқы жағында су тамшылары мен тоң қабаты пайда болады, бұл электрбүйымның жұмыс істеуіне байланысты. Тоң қабатын қыру немесе су тамшыларын сүрту қажет емес. Артқы қабаты өз-өзімен автоматты түрде еріп тұрады. Еріген су еріген су науашасында ұсталып, **9** суреті, тоңазыту құралына апарылып, онда буға айналып жоғалып тұрады.

- Бұйым тұрқысының бүйір жақтары жарым-жартылай біраз жылытып тұрады, бұл есік тығыздалуы бөлігінде конденсациялық ылғалды пайда болуын болдыртпайды.

- Егер мұздату бөлімшесінің есігі жабылғаннан кейін дереу ашылмаса, қысым айырмашылығы теңгерілмейінше дейін тосыңыз.

- Суыту жүйесінің айырмашылықтарына қарай, мұздату торларының кейбір жерлерінде тезірек тоң қабаты пайда бола алады. Бұл электрбұйымның жұмыс істеуіне немесе тоқ тұтылуына ешбір әсер етпейді. Мұздату бөлімшесінің торының үсті толығымен тоң қабатымен жабылғанда немесе қалыңдығы 5 мм астам болған мұз пайда болғанында ғана электрбұйымды ерітіп алу қажет болады.

Температурасын қою

2 суреті

Тоңазытқыш камера

Температура деңгейін +2 °C дан +8 °C дейін орнатып қоюға болады.

2 температура деңгейін таңдау түймешегін тоңазыту бөлімінде өзіңіз тілеген температурасы орнатылғанынша дейін баса беріңіз.

Соңғы орнатылған көрсеткіш бұйым жадысында сақталынады. Таңдалып орнатылған температура 3 көрсеткішінде көрсетіледі.

Мұздатқыш бөлімі

Мұздатқыш бөліміндегі температура суытқыш температура деңгейіне байланысты.

Суыту бөлімшесіндегі температураның төменрек болуы мұздату бөлімшесіндегі температурасының да төмен болуына апарады.

Қолдану үшін сыйымдылық көлемі

Қолдану үшін сыйымдылық көлемі бойынша мәліметтер құрылғының кестесінде көрсетілген. **12** суреті

Мұздатқыш бөлімінің толық көлемін пайдаланыңыз.

Көп мөлшердегі өнімдерді салу үшін қосалқы бөлшектердің бәрін шешіп шығарып алуға болады. Бұл жағдайда өнімдерді тікелей сақтау бөлімшелеоінде және мұздатқыш бөлімінің түбіне қоюға болады.

Бұйымның жабдықтарын шығарып алыңыз

Өнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін суырып алыңыз, алды жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз. **4** суреті

Суыту бөлімі

Суыту бөлімшесі ет, шұжық, балық, сүт бұйымдары, жұмыртқалар, даяр тағамдар мен нан-бөлке өнімдерін сақтау үшін мінсіз жер.

Өнімдерді салғанда төмендегілерге назар аударыңыз

- Тоңазытқышқа тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана салыңыз. Бұл жағдайда өнімдердің сапасы мен балғындығы ұзағырақ уақыт бойынша сақталады.
- Даяр бұйымдар мен орама салынған өнімдерде шығарушы тарапын қорап не орамаларда көрсетілген сақтау және тұтыну мерзімдеріне назар аударыңыз.
- Өнімдердің жұпарын, түсі мен балғындығын сақтай алу үшін азық-түліктерді жақсылап орамалап немесе жауып қойып салу арқылы суыту бөлімшесіндегі дәмдердің басқа өнімдерге өтуіне, пластик бұйымдарының түс өзгеруіне жол бермейді.
- Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.

Ескерту:

Азық-түліктер мен тағамдардың артқы қабырғаға тиіп кетуін болдыртпауыңыз керек, себебі ол ауа алмасуына бөгет бола алады,

азық-түліктер мен қорапшалардың артқы қабырғаға жабысып мұздап кетуіне апара алады.

Суыту бөлімшесінде суықтық аумақтарына назар аудару

Суыту бөлімшесіндегі ауа айналымы арқылы түрлі суықтық деңгейлі аумақтар пайда болады:

- Ең суық аумақ көкөніс сауыты мен оның үстінде жатқан әйнек сөресі арасында орналасқан. **5** суреті

  Ескерту:

  Көкөніс сауытынан жоғары жатқан ең суық аумақта тез бұзылатын азық-түліктерді сақтаңыз (мысалы балық, шұжық, ет).
- Ең жылы аумағы - есіктегі ең жоғары аумағы.

  Ескерту:

  Ең жылы аумағында мысалы ірімшік пен майды сақтаңыз. Осы жерде сақтау арқылы ірімшік өз дәмі мен жұпарын сақтап, ал май нанға жағу үшін қатпай, жұмсақ қалыпта сақталады.

Мұздату бөлімшесі

Мұздатқыш бөлімін қолдану

- Жылдам мұздатылған өнімдерді сақтау үшін.
- Мұз текшелерін жасау үшін.
- Өнімдерді мұздату үшін.

Ескерту:

Мұздатқыш камера есігінің әрдайым жабулы болуына назар аударыңыз! Есігі ашық кезде өнімдер ери бастайды, ал мұздатқыш бөлімінің мұз басады. Оған қоса: тоқтың асқын мөлшерде тұтынылуына байланысты электр қуаты ысырап болады!

Ең жоғары мұздату қабілеті

24 сағаттың ішінде ең жоғары мұздату қабілеті туралы мәліметтер құрылғының кестесінде көрсетілген. 12 суреті

Мұздату және сақтау

Жылдам тоңазытылған өнімдерді сатып алу

- Өнімдер орамасы зақымдалмаған болуы керек.
- Өнімнің жарамдылық мерзіміне көңіл аударыңыз.
- Сату сәтіне дейін өнімнің сақталу температурасы - 18 °C жоғары болмауы керек.
- Жылдам тоңазытылған өнімдерді жеке арнайы мұздату пакетте тасыған және тезірек мұздатқышқа қойған лазым.

Азық-түлік өнімдерін мұздату

- Мұздату үшін тек жаңа бұзылмаған тағамдарды пайдаланыңыз.
- Мұздатылатын тағамдар мұздатылған тағамдарға тиіп кетпеуін ескеріңіз.
- Тағамдарды ауа өткізбейтін қылып орағыз, Сонда дәмі және суы сақталады.

Мұздатылатын өнімдерді сақтау

Ауаның мінсіз айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатылған өнімдерге арналған ыдысты тірелгенінше дейін алдыаға қарай итереотырып орнатыңыз.

Мұздатылатын өнімдердің көлемі жоғары болса, өнімдерді тікелей мұздату торларда және мұздату бөлімшесінің едені үстінде бір бірінің үстінен қойып салуға болады.

1. Ол үшін мұздату сауыттарының бәрін шығарып алыңыз.
2. Өнімдерге арналған мұздату сауытын толығымен дейін суырып алыңңыз, алдыңғы жағынан жоғарыға қарай көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз. 4 суреті

Жаңа әкелінген өнімдерді мұздату

Мұздату үшін тек жаңа және бұзылмаған өнімдерді ғана пайдаланыңыз.

Көкөністердің қоректік заттары, хош иісі мен түсі мүмкіндігінше жақсы сақталу үшін оларды мұздатудың алдында булап алу қажет. Баклажан, бұрыш, кәдіш пен спаржаны булау қажет емес.

Сатылымда өнімдерді мұздату мен булау жөніндегі кітаптарды таба аласыз.

Ескерту:

Мұздатылатын өнімдерді мұздатылып қойған өнімдерге жанастырмаған жөн.

- Төмендегі өнімдерді мұздатуға болады:
  Нан-тоқаш бұйымдары, балық және теңіз өнімдері, ет, аңдар еті, үй құс еті, көкөністер, жемістер, шөптер, қабығы алынған жұмыртқа, ірімшік, май және сүзбе сияқты сүт өнімдері, дайын тағамдар және келесі тағамдардыңқалғандарын: көже, қою көже, дайын ет және балық, картоптағамдары, бәліштер мен тәтті тоқбасарлар.
- Мұздатылмайтын тағамдар:
  Әдетте шикі түрінде желінетін көкөністердің сұрыптары, атап айтқанда жапырақты салаттар, шалғам, қабығы алынбаған жұмыртқа, жүзім, бүтіндей күйінде алма, алмұрт және шабдалы, бітеудей пісірілген жұмыртқа, йогурт, қатық, кілегей, қаймақ және майонез.

Мұздат үшін өнімдерді жақсылап буып-түю

Өнімдердің дәмі кетпеу үшін не кеуіп қалмау үшін оларды жақсылап қымтап жабыңыз.

1. Өнімдерді орамағасалыңыз.
2. Ішіндегі ауасын түгелдей шығарып алыңыз.
3. Ораманы қымталап жабыңыз.
4. Орама үстінен ішіндегі заттың атауын және мұздатылған күнін жазыңыз.

Орауыш қатары пайдалынады:

Пластикалық орауыштар, полиэтилен, алюминий пленкалар, қанылтыр бөтелкелер.
Бұл заттар арнаулы дүкендерде сатылады.

Орауыш қатары пайдаланбайды:

орауыш қағаз, пергамент, целлофан, қоқыс қапқалар және пайдаланған сөмкелер.

Жабу үшін пайдаланады:

Резеңке сақиналар, пластикалық ілгешектер, суыққа шыдамды жабысқақ баулар т.б.

Полиэтилен қап пен шланг пленкаларды пленкаларды дәнекерлеу құрылғысымен жабыстыру мүмкін.

Мұздатылған өнімдердің жарамдылық мерзімі

Жарамдылық мерзімі өнімнің түріне байланысты.

-18 °C дейінгі температурада:

- Балық, шұжық, даяр тағамдар, нан-бөлке бұйымдары:
  6 айға дейін
- Ірімшік, құс еті, ет:
  8 айға дейін
- Көкөніс, жеміс:
  12 айға дейін

Super мұздату

Тамақ өнімдерінің, олардың құрамындағы дәрумендер, қоректік заттар, сыртқы түрі мен дәмдік қасиеттері сақтай алу үшін, мүмкіндігінше жылдам мұздатылып қойылуы лазым.

Температураның көтерілуіне жол бермеу үшін жаңа өнімдерді салудан бірнеше сағат бұрын Супер мұздату режимін қосыңыз.

Құрылғы қосылғаннан кейін ол тұрақты түрде жұмыс істейді, мұздатқыш бөлмесінде өте төмен температураға қол жеткізіледі.

Ең жоғары мұздату қабілетін пайдалану үшін терең Super-мұздату функциясын бұйымға жаңа өнімдерді салу алдынан 24 сағат бұрын қосу керек.

Аздаған мөлшердегі өнімдерді (2 кг дейін) терең мұздату функциясын қолданусыз мұздатуға болады.

Ескерту:

Super-мұздату жүйесі қосылып тұрғанда істе болып тұрғанын білдіретін бірқатар дыбыстардың пайда болуы мүмкін.

Қосу және өшіру

2 суреті

5 Супер түймешегін басыңыз.

Super-мұздату қосылғанда түймешек жанып тұрады.

Super-мұздату өз-өзімен автоматты түрде шамасы 2½ күннен кейін сөндіріледі.

Ескерту:

"Super" мұздату функция қосылғанда суыту бөлімі біраз суығырақ салқындатылады.

Мұздатылған өнімдерді еріту

Өнімдердің түрлері мен оларды одан әрі қалай пайдалануыңызға байланысты Сіздің келесі мүмкіндіктерді арасында таңдай алуыңызға болады:

- бөлме температурада
- тоңазытқыштың ішінде
- желдеткіш бар/жоқ электр пеште
- шағын толқынды пеште

⚠ Сақтандыру және сақтандырулар

Мұзы аздап еріген не әбден еріген өнімдерді қайта мұздатпаған жөн. Осы өнімдерді тек дайын даярланған түрде ғана (пісірілген не қуырылған түрінде) әзірлеп болғаннан кейін ғана оны қайтадан мұздатуға болады.

Мұндай өнімдерді ең жоғары сақтау мерзіміне жеткізей тұтыну қажет.

Жабдықталуы

* Барлық үлгілерде бірдей бар бола бермейді.

Ішкі бөлімінің және есіктің өрелері мен сауыттарын өзіңіз тілегеніңізше алмастыруыңызға болады:

- Сөренені алға қарай тартып, біраз төменге қарай төмендетіп, қайыра отырып шығарыңыз. **6** суреті
- Есіктегі сөре көтеріп шығырыңыз. **8** суреті

Шишалар сөресі

1/9* суреті

Шишалар сөресінде шишаларды қауіпсіз түрде қоя аласыз. Тұтқыш қондырылуын өзгертуге болады.

Ылғалдылық реттегіші бар көкөніс салу үшін сауыт

7 суреті

Жеміс және көкөністерді сақтау үшін мінсіз жағдай жасау үшін көкөніс бөлімшесіндегі ауа ылғалдылығын салынып отыратын көлеміне қарай әр кез өзгертуіңізге болады:

- жеміс және көкөністердің көлемі аз болғанда – ауа ылғалдылығының дәрежесі жоғары
- жеміс және көкөністердің көлемі жоғары болғанда – ауа ылғалдылығының дәрежесі төмен

Нұсқаулар

- Суыққа сезімтал жеміс (мысалы ананас, банан, папайя және цитрус тұқымды жеміс) пен көкөністерді (мысалы баялды, қияр, кәдіш, бұрыш, қызанақ және картоп) өз сапасы мен жұпарларын сақтау үшін тоңазытқышқа салмай, температурасы +8 °C тен +12 °C дейін болған ортада сақтау лазым.
- Көкөніс контейнерінде – сақталатын өнімдер мен осы өнімдердің көлеміне байланысты – конденсациялық ылғал суының пайда болуы мүмкін. Конденсациялық суды құрғақ шүберекпен сүртіп, көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын ылғалдық реттегіш арқылы лайықтаңыз.

Есік сауыты

1/17* суреті

Тәттілерді, дәмдеуіштер мен салат тұздықтарын сақтау үшін мінсіз.

Мұз ыдысы

11 суреті

1. Мұз ыдысын ¾ көлемінде ауыз сумен толтырыңыз және мұздатқыш бөліміне қойыңыз.
2. Ішінде даяр мұзы бар ыдысты дөкір заттармен (мысалы, қасықтың сабымен ғана) ашу керек.
3. Мұз текшелерін шығару үшін ыдысты ағып тұрған судың астына аз уақытқа ұстай тұрып немесе мұз ыдысын сәл бұраңыз.

Мұздату күнтізбесі

1/12* суреті

Мұздатылған өнімдердің сапасы төмендеп кетпеуі үшін олардың сақтауын сақтау мерзімін асырмаңыз. Сақтау мерзімі мұздатылатын өнімдердің түріне байланысты. Символдардың жанындағы сандар өнімдердің айлармен көрсетілген жарамды сақтау мерзімін білдіреді. Дүкеннен алынған жылдам мұздатылған өнімдердің жасалу күні мен жарамдылық мерзіміне назар аудырыңыз.

Тоңазытқышты өшіру және істен шығару

Электрбұйымды өшіріңіз

2 сурет

1 Қосу/Өшіру түймешігін басыңыз.
3 температура көрсеткіші сөніп, тоңазытқыш өшіріледі.

Бұйымды істен шығару

Егер Сіз құрылғыны ұзақ уақыт бойынша пайдаланбайтын болсаңыз:

1. Бұйымды өшіріңіз.
2. Штепсельдік ашаны суырып немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
3. Бұйымды тазалаңыз.
4. Бұйымның есігін ашық күйінде қалдырыңыз.

Еріту

Тоңазытқыш камера

Тоңазытқыш жұмыс істеп тұра бергенде мұздату бөлімінің артқы жағындағы қабырғасында еріген су тамшылары немесе тоң қабаты пайда болып жатады. Бұл құбылыстар электрбұйымның жұмысына байланысты. Еріген су тамшыларын немесе тоң қабатын сүртуіңіз керек емес. Артқы қабырғасы өз өзімен автоматты түрде еріп тұрады. Еріген су тріген су үшін науасына ағып тұрады, **9** сурет Еріген су еріген су науасынан тоңазыту бөліміне ағып, сол жерде буға айналып кетеді.

Ескерту:

Еріген суының ағып шығуын мүмкін етіп тұру үшін еріген су науасы мен су ағатын саңылауының үнемі таза болып тұруы тиіс.

Мұздатқыш бөліміндегі еріту

Мұздатылған өнімдерің ери бастауын болдыртпау мұздату бөлімшесі өзөзімен автоматты түрде ери бастай алмайды. Мұздату бөліміндегі тоң қабаты мұздатылатын бұйымдарға берілетін суықтық деңгейін нашарлатып, электрбұйымның тоқ қолдану көлемін арттырады. Тоң қабатын үнемі кетіріп тұрыңыз.

⚠ Сақтандыру және сақтандырулар

Тоң қабатын немесе мұзды пышақпен немесе басқа өткір заттармен қырмаңыз. Салқындатқыш-құбырлары бұзылып кетуі мүмкін. Суыту жүйесінің шашырандылары жанып не көзді жарақаттауы мүмкін.

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

Ескерту:

Азық-түлік өнімдерінің аса төмен температураға жетіп, осының арқасында бөлме температурасында ұзағырақ уақыт бойы сақтала алынуы үшін еріту алдынан шамамен 4 сағат бұрын мұздату функциясын қосып қойыңыз.

1. Мұздатылған бұйымдарды шығарып алып, уақытша салқын жерде сақтаңыз.
2. Электрбұйымды өшіріңіз.
3. Айырын шығарып алыңыз немесе тежегішін өшіріңіз.
4. Еріту барысын жылдамдату үшін мұздату бөлімшесі ішіне ыстық су құйылған бір кастрөл ыдысын үйкек үстінен қойып қойыңыз.
5. Еріген суды шүберекпен немесе ысқышпен кетіріңіз.
6. Мұздату бөлімшесін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
7. Электрбұйымды қайта қосыңыз.
8. Мұздатылатын өнімдерді қайта салыңыз.

Бұйымды тазалау

⚠ Сақтандыру және сақтандырулар

- Құрамында құм, хлорид не қышқыл бар тазалау не еріткіш заттарын қолданбаңыз.
- Абразивтік жуу заттарын және қырғыш ысқыштарды қолданбаңыз. Темір бөлшектер үстінде коррозия пайда болуы мүмкін.
- Контейнерлер мен таяқшаларды ешқашан ыдыс жуғыш машинасында жумаңыз. Бөлшектер өз пішінін жоғалтуы мүмкін!

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

1. Тазалау алдында бұйымды өшіріп қойыңыз.
2. Штепсельдік ашаны суырып немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
3. Ішіндегі өнімдерді шығарып алып, салқын жерге қойыңыз. Суыту аккумуляторын (егер бар болса)ө шығарылып қойылған өнімдерінің үстіне жатқызып салыңыз.
4. Қырау ерігенше дейін тосыңыз.
5. Аспапты жұмсақ шүберекпен, жылы сумен не pH-бейтарап жуғыш құралмен тазалаңыз. Бұл жағдайда су шам жүйесіне не ағыту саңылауы арқылы буландырғышқа еніп кетпеуі тиіс.
6. Есіктердің тығыздағышын тек таза сумен ғана жуып алып, жақсылап әбден құрғатып алу керек.
7. Тазалап алғаннан кейін бұйымды электр желісіне қайта жалғап қосыңыз.
8. Өнімдерді қайтадан ішіне салыңыз.

Жабдықталуы

Тазалау үшін тоңазытқыштың бірнеше бөлшектері шығарылып алынады.

Әйнек өресін шығарып алыңыз

6 суреті

Ол үшін сауытты алға тартып, алдынан біраз көтеріп, бұйымнан шығарып алыңыз.

Есіктегі сақтау өрешелерін шығарып алыңыз

8 суреті

Өрешелерді жоғарыға қарай біраз көтеріп отырып шығарыңыз.

Тартылып шығаралатын сауыттарды шығарып алыңыз

10 суреті

Сауытты шығарып алыңыз.

Иістер

Егер жағымсыз иістер пайда болса:

1. Электрбұйымды “Қосу/Өшіру” түймешегін басу арқылы өшіріңіз. 2/ 1 суреті
2. Тоңазытқыштан барлық тағамдарды шығарыңыз.
3. Бұйымның ішін тазалаңыз ("Бұйымды тазалау" тарауын оқыңыз).
4. Орамалар мен қораптардың бәрін тазалаңыз.
5. Жағымсыз иістердің пайда болуын болдырмау үшін иістері аса қатты шығып тұрған өнімдерді ішіне ауа кіре алмайтындай орамалаңыз.
6. Бұйымды қайта қосыңыз.
7. Өнімдерді реттеп бұйым ішіне салыңыз.
8. 24 сағаттан кейін иістердің жаңадан шыққан шықпағанын тексеріңіз.

Жарық (СИД)

Тоңазытқыш күтілмейтін светодиод жарығымен жабдықталынған.

Тек сервистік қызмет көрсету орталығында немесе уәкіл етілген мамандарда бұл жарықты жөндеуге құқығы бар.

Энергияны үнемдеу

- Бұйымды құрғақ, желдетілетін орнатыңыз. Бұйым тікелей күн сәулесі түсетін жерде не жылу көздерінің жанында (мысалы, ас үй пеші, жылыту аспаптарының жанында) қойылмауы тиіс.

  Қажет болған жағдайда жылу сақтағышпешін қолданыңыз.
- Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.
- Мұзын еріту үшін мұздатылған өнімдерді суытқыш бөліміне салып, олардың суығын өнімдерді суыту үшін пайдаланыңыз.
- Мұздатқыш бөліміндегі қырау қабатын үнемі ерітіп отыру керек.

  Қырау қабаты суықтың берыліп тұруын нашарлатады және энергияның тұтынуын жоғарылатады.

- Тоңазытқышты қысқа уақытқа ғана ашыңыз.
- Электр қуатының тұтылу көлемінің өсуін болдырмау үшін электрбұйымның артқы жағын кей-кейде тазалаңыз.
- Бар болса:
  Электрбұйымның көрсетілген электрқуат көлеміне жете алу үшін қабырғада дистанциялау фиксаторын орнатыңыз (Орнату туралы нұсқаулықта оқыңыз). Қабырғадағы дистанциялау фиксаторының арасы жеткіліксіз болғаны электрбұйымның жұмысына әсер етпейді. Электрқуат тартылуы біраз өсуі мүмкін. Арасы 75 мм мөлшерінен асып кетпеуі тиіс.
- Жәшіктердің орнатылған тәртібі бұйымның электр қуатын тұтынуына әсер етпейді.

Жұмыс шуылы

Мүлде кәдімгі шуылдар

Дүріл

Моторлардың жұмысы (мысалы, тоңазыту агрегаты, желдеткіш).

Бүлкілдейтін, ызылдайтын немесе арқырауық дыбыстар

Суытқыш заты түтіктер арқылы ағып жатыр.

Шерту

Моторды, қосқышты немесе магнит қақпағын іске қосқан / өшіргенде естіледі.

Шуыл деңгейінің жоғарылауын болдырмау

Құрылғының тегіс бетте тұрмауы

Құрылғыны ватерпастың көмегімен тегістеңіз. Бұл үшін бұрылатын аяқтарын пайдаланыңыз немесе құрылғының астына бірдеңе салыңыз.

Құрылғы “жаңасып тіреліп тұр”

Құрылғыны жанындағы жиһаздан не аспаптардан біраз алыстырақ жылжытып қойыңыз.

Ысырмалы жәшіктер не сөрелер тербеліп тұр не қарысып қалған

Алынбалы бөліктерінің қалай орнатылғанын тексеріңіз және қажетіне қарай оларды дұрыс орнатыңыз.

Бөтелкелер бір біріне тиіп тұр

Бөтелкелерді бір бірінен азғантай ары жылжытыңыз.

Шағыг ақаулылықтарды өз бетінше жою

Сервистік қызметіне телефон арқылы хабарламас бұрын:

Ақаулылықты келесі ұсыныстардың көмегімен өз бетіңізше жоя алу мүмкіншілікті тексеріп алыңыз.

Сіз кеңес беру үшін сервистік қызметті шақыртудың ақысын тіпті кепілдік мерзімінің ішінде төлеуге тиіссіз! –

Бөгеттер	**Ықтимал болған себебі**	**Ақаулылықтарды жою**
Температура таңдалған температурадан ерекшеленеді.		Тоңазытқышты бірнеше минутке өшіріңіз. Температура жоғары болса бірнеше сағат өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз. Температура төмен болса бір күн өткен соң температураның өзгергенін тексеріңіз.
Көрсеткіштердің бірде бірі жанбайды.	Электр қуаты жоқ; сақтандырғыштар іске қосылды; Аша дұрыс істемей тұр.	Штекерді жалғаңыз. Электр тоғының беріліп не берілмей тұрғанын – және сақтандыру құрылғысын тексеріңіз.
Жарық істемей тұр.	LED шамы бұзылған.	"Шам беру жүйесі (LED)" тарауын оқыңыз.
	Жарық сөндіргіші істемей тұр.	Сөндіргішті жылдырып көріңіз.
Тоңазыту бөлімінің едені ылғалды.	Еріген су науасы мен су ағатын саңылауы бітеліп тұр.	Еріген су науасы мен су ағатын саңылауын тазалаңыз (Электрбұйымды тазалау туралы бөлімін оқыңыз). **9** суреті
Суыту бөлімі іші өте суық.	Өте төмен температура таңдалған.	Температураның жылырақ деңгейге таңдаңыз.
Салқындатқыш машина жиі қосылып ұзақ істейді.	Бұйымның есігін жиі аша беру.	Бұйымның есігін қажетінсіз ашпаңыз.
	Желдету және ауаны тартып шығару саңылаулары жабылып қалған.	Кедергілерді жойыңыз.

Суыту бөлімінің температура көрсеткіші жыпықтап тұр. 2/3 суреті	Электрбұйым жиі ашылып тұрады.	Электрбұйымды керек жағдайда.
	Салыңған азық-түліктер өнімдердің көлемі тым жоғары.	Ішіне салу алдынан “Super” түймешігін 5, басыңыз.
	Желдеткіш ауына шығаратын саңылаулар бітеліп қалды.	Бөгеттерді жойыңыз.

Сервистік қызмет көрсету

Сервис кызмет көрсету орталығының телефон нөмірін телефон анықтамалығында немесе сервис көрсету тізімінде таба аласыз. Сервис кызмет көрсету орталығымен хабарласқанда электрбұйымның өнім нөмірін (E-Nr.) және бұйымның өндіру нөмірін (FD-Nr.) хабарлаңыз.

Бұл мәліметтер техникалық ақпарат тақташасында көрсетілген.12 суреті

Үстеме жолға шығуын болдырмау үшін сервис кызмет көрсету орталығына телефон соққанда электрбұйымның өнім нөмірін және бұйымның өндіру нөмірін дайындап отырыңыз. Осы әрекет арқылы осыларға байланысты үстеме шығындарына да жол бермеуіңізге болады.

Жөндеу тапсырмалары мен бөгет кезіндегі кеңестер

Сервис қызметтерінің қоса ұсынылған тізімінде олардың барлық елдердегі байланысу мәліметтері көрсетілген.

KZ 8 800 800 801



1



2



3



4



5



6



7



8



9



10



11



12

Robert Bosch Hausgeräte GmbH
Carl-Wery-Straße 34
81739 München, GERMANY

www.bosch-home.com

8001063988 (9702)
ru, kk